




«Бөбекжай» бөбекжай
менгерушісі:
М.Хожамуратова

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Көңілді ноталар»



«Шағала» ортаңғы топ

Тәрбиеші: Бөлегенова.Ж

Ұйымдастырылған оқу қызметі технологиялық картасы

Тобы: Шағала

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Өтілетін күні

Тақырыбы: «Көңілді ноталар.»

Мақсаты: Музыкалық ойындар арқылы балалардың денсаулығын, шығармашылығын нығайту. Музыканы мұқият тыңдай отырып ести білуге, ырғақтарды айыра білуге үйрету. Музыкаға әсерлену, дыбыс жоғарылығын ажырату қабілетін дамыту. Музыкалық ойындар арқылы музыкаға қызығушылықтарын арттыру. Әуенді ноталарды таныстыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Киіз үй,күйсандық,музыкалық аспаптар.

Блингвалдық компонент: Көңілді ноталар-Веселые ноты

Қызмет түрі	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Қызмет этаптары	Әуенді қимыл-қозғалыс: Балаларды музыка залына көңілді марш әуенімен қарсы аламыз. Түрлі полька әуендеріне би элементтерін жасаймыз.	Балалар музыка залына келеді,музыка жетекшісімен бірге би элементтерін жасайды.
<i>Ұйымдастырушы-ізденушілік</i>	Сәлеметсіңдер ме балалар?Ән айтпас бұрын дауысымызға жаттығу жасап алайық.Денемізді тік ұстап,қолымызды тіземізге қойып,дауысымызды анық етіп шығарамыз.Баспалдақпен шығамыз,баспалдақпен түсеміз. Ля Ля ЛЯ ЛЯ Ля Ля ля Ля Ля ЛЯ ЛЯ Ля Ля ля Жарасып тұр сәніміз, Ән шырқайық бәріміз. Естіген жұрт таң қалсын, Әдемі ән шырқалсын Ғажайып сәт:Музыка әуенімен Қыран құс кіреді.Сәлеметсіңдер ме балалар? Ұшып бара жатып әдемі музыка әуенін естіп сендерге қонаққа келдім. Маған музыка өте ұнайды. Саз жетекшісі:Сәлеметсің бе Қыран	Сәлеметсіз бе! Дауыстарына жаттығулар жасайды . Қыран құспен

	күс! Төрлет! Сенде біздің балалабақшаға қош келіпсің! Қандай тамаша біздің балалар өте өнерлі. Балалар қане Қыран құсқа арнап «Біз бақытты балдырған» әнін шырқап берейік. Жарайсындар. Балалар музыка әлемінде 7 ғажайып дыбыс, яғни нота бар. Біз сол ноталарымыздың көмегімен ән айтып, түрлі музыкалық аспаптардан әуен шығарады екенбіз. Қане олай болса мен сендерге ноталарды есімізге түсірейік. До-ре-ми-фа-соль-ля-си. Балалар бүгінгі оқу қызметімізде жаңа ән үйренеміз. Әнді мен сендерге орындап берейін мұқият тындандар! Енді бәріміз бірге қайталайық. Қыран құс сенде бізбен бірге жаңа ән үйренгің келе ме. Ән айту: «Біздің ән». Саз жетекшісі: Қыран құс сенің қолыңдағы не? Қыран құс: Жаңа өзім айтып кеткендей менде музыканы ұнатамын, бұл сиқырлы қоржын. Қоржынның ішінде бірнеше ойындарым бар, сендердің ойын ойнағыларың келе ме? Дидактикалық ойын: «Саусақ гимнастикасы» Мақсаты: Балалардың саусақ моторикасын дамыту. Есте сақтау қабілетін ояту. Аталмыш өлеңді іс-қимылы мен нақышына келтіріп орындау. Ойын: «Көңілді аспаптар» Саз жетекшісі: Ойынның мақсаты: Ойын балалардың есту, есте сақтау қабілеттерін арттырады. Қыран құс: Балалар менің қайтатын уақытым болған сияқты сау болындар!	амандасады. Көңілді әнді шырқап береді. Балалар ойынға қызыға ойнайды, белсене араласады. Ноталарды күйсандыққа қосылып барлығы бірге шырқайды. Әнді саз жетекшісіне ілесе орындайды. Әрине ойнағымыз келеді. Балалар ойынды қызыға ойнайды. Қыран құспен қоштасады.
Жетекші-жөндеуші	Балалар бүгінгі оқу қызметіміз сендерге ұнады ма? Бізге қонаққа кім	Балалар сұрақтарға жауап береді. Қуана қоштасып

	келді?Музыка әлемінде неше нота бар екен?Оларды маған кім атап береді?Музыкалық аспаптардың үнінде айырмашылық бар ма?Жарайсыңдар.Қонақтармен де қоштасатын уақыт болған сияқты. Сау болыңдар.	шығады,
--	---	---------

Күтілетін нәтиже:

Біледі: аспаптардың үнін ажырата біледі.

Игереді: әнде не туралы айтылғанын.

Меңгереді: би қимылдарын.